Велосипедте артқы дөңгелекке біріктірілген тұрақты тоқты түкшесіз электр қозғалтқыштар қолданылады. Электрлі велосипедті пайдалану ережелерін сақтау барысында оның барлық қызмет ету мерзімі кезінде оған қызмет көрсету қажет емес. Электр қозғалтқышы басқару контроллеры мен велосипедтің электрлі сымдар жүйесіне қызмет көрсету қажет емес. Барлық жазып көрсетілген бөліктер шаң мен ылғалдың өнуінен қорғалған (IP45 стандартына сәйкес сертификатталған) және велосипедті кез келген ауа-райында пайдалануға мүмкіндік береді

**МАҢЫЗДЫ:** IP45 шаң мен ылғалдан қорғаныста жоғары энергиялы су шашырауынан қорғаныс қарастырылмаған. Сондықтан велосипедті жоғары қысыммен жуу арқылы жууға болмайды..

## 7. ЭЛЕКТР ВЕЛОСИПЕДТІҢ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ

### 7.1 ЭЛЕКТР ВЕЛОСИПЕДТІҢ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІН ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ СӨНДІРУ

Электр велосипедтің электр жүйесін іске қосу /сөндіру үшін пультіндегі «М» батырмасын 2 секундтан артық басып тұрыңыз. Егер велосипедпен пайдаланбасаңыз, оның электр жүйесі 10 минуттан кейін автоматты түрде сөнбеді.

Велосипедтердің кейбір модельдерінде (қай модельдерінде, осы нұсқаулықтың 13-парағын қараңыз) электрлік жүйені қосу үшін велосипедтің жиынтығына кіретін кілтпен батареяны белсендіру керек.

### 7.2 Қозғалтуды бастау, жылдамдықты реттеу

Қарапайым велосипедте секілді басқышты айналдырыңыз. Басқыш бірнеше айналым жасағаннан кейін жүйе автоматты түрде қозғалыстың басталуын анықтайды да, электр қозғалтқышқа энергия жіберіледі.

Электрлі велосипедтің қозғалыс жылдамдығы пайдаланушының басқышты айналдыру қарқынына тікелей байланысты, яғни пайдаланушы жылдамдықты қарапайым велосипедте

секілді басқарады. Басқышты айналдыруды тоқтату барысында электрлі велосипедтің қозғалтқышы пассивті режимге өтеді, велосипед домалатып қозғалады.

Төбешікке немесе қатты жерде жүру барысында Сіз «Итермелеу» функциясын пайдалана аласыз. Ол үшін «-»

батырмасына 2 секунд ішінде басып тұрыңыз, қозғалтқыш велосипедтің жұмысын бастайды. Қозғалыстың максималды жылдамдығы 6 км/сағ құрайды, бұл «-» батырмасы басылып тұрғанға дейін автоматты түрде сақталады.

## 7.3 Қозғалтқыштың қуатын реттеу

POLAR велосипедінің барлық түрі PAS (Pedaling Assistance System) жүйесімен жабдықталған, бұл электр қозғалтқыштың күшін қолмен басқару қажеттілігін жояды. Егер пайдаланушы басқышты айналдырмаса, жүйе қозғалтқыштың күшін шамамен 1 сек сақтайды, содан соң электрлі мотор сөнеді.

Сіз PAS қолдау деңгейін реттей аласыз. «+» және «-» батырмаларын басу арқылы қажетті қуат деңгейін белгілеуге мүмкіндік бар.

## 7.4 Тежеу және тоқтау

Электрлі велосипедті тежеу қарапайым велосипедті тежеуден ерекшелінбейді: алдыңғы және артқы дөңгелектердің тежеуін пайдаланыңыз (тежеуіш тұтқыштары рульде орналасқан). Сол жақ тежеуіш тұтқышы алдыңғы дөңгелекті тежейді, оң жақ тежеуіш тұтқышы артқы дөңгелекті тежейді. Кез келген тежеуді қолдану барысында велосипедтің электр қозғалтқышы (егер ол жұмыс жасаса) автоматты түрде сөнеді.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Тежеуіш тұтқышына көнеттен және қатты басу әрекеті дөңгелектің блокталуына, басқаруды жоғалтуға және пайдаланушының құлап түсуіне әкел соғады.

## 7.5 Электр велосипедтің адыңғы шамын пайдалану


Қараңғы түскен кезде, сондай-ақ жалпы пайдаланылатын жолдарда велосипедпен жүру барысында жолға жарық түсіру және велосипед белгісін көрсету үшін алдыңғы шамды

пайдалану қажеттілігі туу мүмкін. Шамды жағу үшін «+» батырмасына 2 с артық басып тұрыңыз. Шамды сөндіру әрекеті келтірілген жолмен іске асады.

## 8. БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 8.1 LED- басқару пультінің элементтері

Жарықдиодты (LED) басқару пульті келесідей элементтерге ие:



13. «+» батырмасы;
14. «-» батырмасы;
15. «М» батырмасы;
16. Батареяның зарядталу деңгейін көрсететін индикаторы;
17. Жарық шығаратын алдыңғы шамның жұмыс индикаторы \*;
18. PAS деңгейін көрсететін индикаторы.

### 8.2 LCD-басқару пультінің элементтері

Сұйықкристалды (LCD) басқару пульті келесідей элементтерге ие:



17. «+» батырмасы;
18. «-» батырмасы;
19. «М» батырмасы;
20. Батареяның зарядталу деңгейін көрсететін индикаторы;
21. Жарық шығаратын алдыңғы шамның жұмыс индикаторы \*;
22. PAS деңгейін көрсететін индикаторы;
23. Велосипедтің жылдамдығын көрсететін индикаторы;
24. Велосипедтің жүріп өткен жолын көрсететін индикаторы.

\* — Жарық шығаратын алдыңғы шамның индекаторы қосұлы болғанда ғана жаңады.


### 8.3 LCD-пульттағы маршруттық компьютердің функциясы

Сұйық кристалды басқару пульті жоғарыда сипатталған функционалдылығына қосымша маршруттық компьютерінің функцияларына ие.



8-Сурет. LCD пульттағы дисплейінің құрылымы

«М» батырмасын басу арқылы СК-пультінің дисплейіндегі ақпаратты өзгертуге болады. Дисплейде бейнелеудің режимін өзгертуге арналған алгоритм осы нұсқаулықтың 9-суретте



көрсетілген.

Дисплейде бейнелеудің режимдерін өзгерту кезеңдері: «Ағымдағы жылдамдығы» км/сағ-та (Km/h) → «Жүріп өткен жолы» км-мен (Km) → «Жол жүру уақыты» сағатта (Hour) → «Бекітілген

максималды жылдамдығы» км/сағ-та (Km/h) → «Бір жол жүрістің орташа жылдамдығы» км/сағ-та (Km/h) → «Қозғалтқыштың ағымдағы қуаты» Ваттпен (W) → «Ағымдағы жылдамдығы» км/сағ-та (Km/h).

## 9. ҚАУІПСІЗДІК

### 9.1 Негізгі ережелер

9.1.1 Велосипедпен жүру барысында әрқаз соңғы сертификатталған стандарттарға сәйкес келетін велосипед шлемін (9 суретті қараңыз) киіңіз, оны пайдалану және күту нұсқауларын орындаңыз..

9.1.2 Велосипедпен жүрудің алдында оның механикалық жағдайын тексеріңіз (5 бетті қараңыз)..

9.1.3 Велосипедті басқарудың негізгі жүйелерімен таныс болыңыз: тежеуіш, басқыш, басқару пульті, жылдамдықты ауыстыру, сондай-ақ бұларды дұрыс пайдалануды үйреніңіз. Қажет болса дүкендегі сатушыдан кеңес алыңыз.

9.1.4 Велосипедтің айналмалы бөліктеріне – алдыңғы жұлдызшаға, шатун жүйесіне, шынжырға, басқыш пен дөңгелекке өзге заттар мен киімнің тиюіне жол бермеңіз.

9.1.5 Жабдықтауды назарға алыңыз:

- Аяқ киім аяқта әрі басқышта жақсы тұруы тиіс, сондай-ақ аяқты шынжыр немесе алдыңғы жұлдызшаға тиюден сақтау қажет. Велосипедпен жалаң аяқ немесе ашық сандалдармен жүруге болмайды.

-Жарқын киім киіңіз, бұл Сізді автокөлік жүргізушілері көруі үшін қажет. Киім жол бойындағы ағаштар мен өзге заттарға ілінбеуі үшін тым бос болмауы керек..

-Велосипедке арналған көзілдірікті киіңіз – ол көзді күннен, шаңнан, көліктен ұшқан кездейсоқ тастар мен жәндіктерден қорғайды.

9.1.6 Жүру жылдамдығы ауа райы және табиғат жағдайына сәйкес келуі тиіс. Жылдамдық неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тәуекел артық.



24-Сурет. Велосипед шлемі

#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Шлем кимей велосипедпен жүру ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін!

### 9.2 Жалпы пайдаланымдағы жолдарда қауіпсіздік бойынша ережелері

9.2.1 Велосабадандоздар жүретін жерлерде ЖЖЕ оқып, оларды сақтаңыз!

9.2.2 Жол қозғалысының өзге қатысушыларының құқықтарын қадірлеңіз.

9.2.3 Мұқият болыңыз. Велосабадандоз жолда автокөлікке қарағанда қатты байқалмауы мүмкін, сол себепті Сізді жол қозғалысының өзге қатысушылары көрмеуі әбден мүмкін.

9.2.4 Қалада жүру барысында арнайы велосипед жолдарымен жүріңіз, олар болмаса жүргін бөлікті пайдаланыңыз, алайда шетпен жүріңіз (ЖОКЕ талаптарына сәйкес).

9.2.5 Жолда құлақпапты кие жүрмеңіз, себебі Сіз жол қозғалысының өзге қатысушылары берген сигналдарды естімеуіңіз мүмкін. Сондай-ақ құлақпап сымы велосипедтің қозғалатын бөліктерінде шатасып кетуі ықтимал.

9.2.6 Мас күйінде (алкогольді, есірткі және өзге), назар мен реакцияны төмендететін дәрілік препараттардың ықпалында, қозғалыс қауіпсіздігіне қатер келтіретін ауру немесе шаршаған күйде электрлі велосипедпен жүруге тыйым салынады.

9.2.7 Күн жаман кезде, көрерлік нашар болғанда, тұман немесе қараңғыда велосипедпен жүру апат тәуекелін арттырады.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Ылғалды ауа райы кезінде көрерлік нашарлап, жолда жүру қиын болып, тежеуіш тиімділігі төмендейді. Бұл велошабандоздарға, сондай-ақ жол қозғалысының өзге де қатысушыларына қатысты. Бұл жағдайда апатқа ұшырау тәуекелі кенеттен артады.

9.2.8 Су жолда тежеуіш тиімділігі, дөңгелектердің жабынмен ілінуі төмендейді. Нәтижесінде жылдамдықты бақылау қиынға соғады да, басқаруды жоғалту қатері пайда болады. Мұны ылғалды ауа райы кезінде велосипедпен жүру барысында ескеріңіз. Жол таңбасы сызықтарын, сондай-ақ теміржол және трамвай жолдарын өту барысында барынша сақ болыңыз – жауын кезінде олар ерекше тайғақ.

9.2.9 Көрерлік нашар кезде велосипедпен жүру күндіз жүруге қарағанда әлдеқайда қауіпті екенін ескеріңіз. Велошабандозды жаяу жүргіншілер де, автомобильшілер де көрмеуі мүмкін. Жолда көріну үшін велосипедтің штаттық жарық техникасын пайдаланыңыз. Велодүкендерде сататын қосымша жарық құралдарын немесе жарықайтарғысын пайдалануға кеңес береміз.



Қараңғы кезде және нашар көрерліктің өзге жағдайларында жарықтандыру жүйесі мен жарық шағылыстыратын құралдарсыз велосипедпен жүру өмір мен денсаулық үшін қауіпті. Кейбір елдерде жарық құралдарсыз велосипедпен жүруге тыйым салынған және қолданыстағы заңдарға сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Велосипедті қараңғы кезде пайдаланбастан бұрын Сіздің аймағыңыздағы шектеулерге мән беріңіз.

## 10. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электрлі велосипед – бүлкүрделі механизм. Бұл Нұсқаулықта Сіздің велосипедіңізге қызмет көрсету және жөндеу үдерістердің барлығын да сипаттау мүмкін емес. Сол себепті техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек білікті мамандар жүргізуіне кеңес береміз.

## 10.1. Техникалық қызмет көрсету

Төменде келтірілген жұмыстарды велосипедтің иесі жасауы тиіс, бұл жұмыстар осы Нұсқаулықта келтірілген құралдардан өзге арнайы құралдарды, қандай да бір дағды мен білімді қажет етпейді.

10.1.1. Велосипедті жүргізіп бейімдеу. Жол жоқ жерде велосипедпен 3-5 сағат қиын жүру немесе қарапайым жолда 10-15 сағат жол жүргеннен кейін велосипедті профилактикалық тексеру мен реттеу үшін веломеханикке алып барыңыз.

10.1.2 Әрбір жол жүрудің алдында велосипедті 5 бөлімге (5 бетті қараңыз) сәйкес тексеріңіз.

10.1.3 Ұзақ әрі қиын жол жүргеннен кейін. Егер велосипед суға немесе лайға ұшыраса, бір жол жүру барысында 150 км қашықтық жүрілсе, велосипедті жуыңыз (10 бетті қараңыз), шынжырды маймен жағыңыз. Қалған майды сүртіңіз. Майды жағу қажеттілігі климатқа байланысты. Майдың қай түрін қолдану жөнінде тәжірибелі веломеханикпен кеңесіңіз, сондай-ақ Сіздегі климаттық жағдайға сәйкес велосипедті айдау стиліңізге байланысты майды жағу жиілігі жөнінде біліп алыңыз.

10.1.4 Әрбір 20 сағат жол жүргеннен кейін келесідей тексерулерді жүргізіңіз:

-Алдыңғы тежеуішті басыңыз да, бос қолды велосипедтің рамасына қоя велосипедті алдыға және артыға айдаңыз. Ешбір соққы шықпауы тиіс. Егер естілсе, велосипедті шеберханаға алып барыңыз;

-Бір басқышқа баса оны бүйір жақ бағытқа тартыңыз – велосипедтің орталығана қарай және одан әрі. Екінші басқышпен осы әрекеттерді орынданыз. Люфт болса велосипедті шеберханаға алып барыңыз;

-Тежеуіш қалыбын тексеріңіз. Егер ол тозса немесе тоғынға қатысты дұрыс орналаспаса, велосипедті реттеу немесе тежеуіш қалыбын ауыстыру үшін қызмет көрсету шеберханасына алып барыңыз;

Электрлі сымды, арқан мен орағышты тексеріңіз. Тот басқан жері, қажалып біткен аймағы немесе сынған жері болса, электрлі велосипедті мамандандырылған шеберханаға алып барыңыз;

10.1.5 Әрбір 25 (жол жоқ жерде) – 50 (жол, шоссе) сағат жол жүргеннен кейін

Велосипедті профилактикалық тексеру, қажет болса қызмет көрсету/жөндеу үшін білікті веломеханикке алып барыңыз.

### МАҢЫЗДЫ:

Өндіруші өздігінен дұрыс жасалмаған жөндеу жұмыстары салдарынан пайда болған ақаулар үшін жауапты емес. Велосипедті жөндеу және қызмет көрсету бойынша барлық ұсынбалы материалдар ұсынбалы сипаттамаға ие.

## 10.2 Электрлі велосипедті сақтау

Жылы жыл мезгілдерінде велосипедті кез келген жерде сақтауға болады, атмосфералық ылғалдықтан қорғаныс пен 10.2.3 тармақ (төменде қараңыз) шарттарын сақтау өте маңызды. Суық кезде (қыста немесе мезгіл аралықта) электрлі велосипедтің қорын арттыру үшін келесідей кеңестерді басшылыққа алыңыз:

10.2.1 Велосипедті сақтамас бұрын оны мұқият түрде жуып, көптіріңіз. Электрлі велосипедті жоғары қысымды су ағынымен жууға тыйым салынады! Ерітілген тұрмыстық жуу құралы (өнеркәсіптік және автомобильдік еріткіштерді пайдалануға тыйым салынған) бар сыйымдылықты, жұмсақ жеке мен сүртетін материалдарды пайдаланыңыз.

10.2.2 Сақтау алдында жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге кеңес береміз – велосипедті мамандандырылған шеберханаға алып барыңыз;

10.2.3 Аккумуляторлық батареяны толығымен зарядтаңыз, оны велосипедтен шешіп, ауа температурасы 5°—25°С құрғақ бөлмеде сақтаңыз. Жарты жылда бір рет батареяны толығымен отырғызу қажет (итермелеу режимін қолдануға болады, 7 бетті қараңыз, босқа айналу үшін велосипедтің артқы дөңгелегі н іліп қойыңыз), содан соң оны сақтау үшін батареяны қайта зарядтаңыз.

10.2.4 Егер велосипед жылытылмайтын бөлмеде сақталса, велосипедтің бүлінген жерлерін бояп қою немесе бұзылудан қорғайтын маймен жағу керек.

10.2.5 Егер велосипед күннің астында сақталса, бояудың кетіп қалмауы үшін, құралды ультрақұлғыннен сақтау үшін күңгірт қапты пайдаланыңыз.

10.2.6 Велосипедті сақтамас бұрын дөңгелек тысының ауамен жеткілікті мөлшерде толтырылғанына көз жеткізіңіз, бұл ұзақ уақыт бойында бір орында тұру әсерінен түрінің өзгермеуі үшін қажет. Велосипедтің дөңгелектерін шешіп, оларды бөлек – тік немесе ілінулі қалпында сақтауға кеңес береміз – немесе велосипедті толығымен іліп қойыңыз.

## 11. ЭЛЕКТР-ВЕЛОСИПЕДТІҢ ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

POLAR электр-велосипедтің қызмет мерзімі 5 жыл құрайды, сатып алған күннен бастап санағанда.

## 12. ЭЛЕКТР-ВЕЛОСИПЕДТІ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ


Электр-велосипедтің тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Велосипедті тасымалдау барысында электр- велосипедтің тауарлы түрін сақтау мақсатында оны тасымалдау үшін қоласты қорғаныс материалдарын немесе велосипед сатып алынған түпнұсқалық қаптама қорабын пайдалануға кеңес беріледі. Электр-велосипедті тасымалдау барысында оны соққы мен тербеліс әрекеттерінен қорғаңыз.

Электр-велосипедті тасымалдау барысында оны тікелей механикалық бүлінудерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті кемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құралдың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмау керек.



Литий батареясы қауіпті заттарға ие. Оны тасымалдау барысында жергілікті заңнаманы басшылыққа алған жөн. Сонымен қатар, электр-велосипедтердің литий батареяларын әуемен жолаушыларды және жүкті тасыйтын әуе көлігімен

тасымалдауға тыйым салынады. Өрқашан электр-велосипедпен әуе жолын жоспарлау кезінде бұл туралы ескеріңіз.



25-Сурет. Раманың құлпы

Велосипедті пайдалану кезінде тетік соңына дейін жиналуы тиіс (велосипед рамасымен тығыз орналасқан), ал сақтандырғыш ілмек тетіктегі саңылауға кіруі қажет, бұл оның өздігінен ашылуына тосқауыл болмақ.

Велосипедті тасымалдау үшін сақтандырғыш ілмекті көтеріңіз және құлып тетігін рамадан ығыстыра шығарыңыз – енді велосипедті жинауға болады.

11 суретте руль құлпы суреттелген. Механизм жұмысының қажеті рама құлыптарының жұмысына сәйкес келеді. Құлауыштардың атауы 10 суретте көптірілгендерге сәйкес.

11-Сурет. Рульдің құлпы



Велосипедтің рама құлпы мен руль құлпы сақтандырғыш ілмекпен жабықталған, бұл құлыптың өздігінен босауына кедергі жасайды. Велосипедпен жол жүрудің алдында сақтандырғыш ілмекті дұрыс қалыпта тұрғанына, құлыптың бос еместігіне міндетті түрде көз жеткізіңіз. Сақтандырғыш ілмек дұрыс орнатылмаса/бүлінсе, велосипедті пайдалануға тыйым салынады!

## 13. ТАУАРДЫ ӨТКІЗУ

Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес.

## 14. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

- Велосипедтің максималды жүк көтергішінен артуға болмайды (13 бетті қараңыз). Әйтпесе электрлі велосипед сынып қалуы мүмкін.
- Электрлі велосипедке техникалық қызмет көрсету барысында, сондай-ақ оны тазалау кезінде қоректендіру көздері тоқтан ажырауы тиіс.
- Электрлі велосипедті минустық температура барысында қолдануға болмайды, әйтпесе аккумулятор істен шығуы мүмкін.
- Егер велосипедте ақау анықалса, оны өдіруші рұқсат еткен авторланған қызмет көрсету орталықтарында жөндеу. Ақау түпелмейінше электрлі велосипедті пайдалануға тыйым салынады.
- Электр-велосипедтің және оның жеке модульдерінің құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Құрылғыны толық немесе асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүжісігіті бар немесе ақыл-әсі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның жауабы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың велосипедпен ойнауына жол бермеу үшін оларды, әсіресе 12 жасқа дейінгі толмаған балаларды қадағалап отырыңыз.
- Аккумуляторлық батареясын зарядтау алдында зарядтағыш құрылғы мен жалғастырығыш сымдарын тексеріп, қарап шығыңыз. Зарядтағыш құрылғының ақаулы екендігі анықталған жағдайда оны электр ашалы розеткаға жалғастырып қосуға мүлдем болмайды. Аккумуляторды зарядтау үшін тек қана осы велосипедтің жеткізілім жиынтықтылығына кіретін зарядтайтын құрылғысын пайдаланыңыз. Бұл зарядтағыш құрылғыны өзге мақсатта қолданбаңыз. Бұл зарядтайтын құрылғысын бөлшектемеңіз.
- Зарядтау құрылғысын және оның электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын кездерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз, зарядтау құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек. Сондай-ақ, зарядтау құрылғысы мен жалғастырығыш сымдарын үй жануарларының көзі түспейтін орыннан алшақ сақтап ұстаған жөн.
- Велосипедті ылғалды ауа-райы кезінде пайдаланған жағдайда, оны екінші мәрте пайдаланудың алдында велосипедті тек қызмет көрсету орталықтың білікті мамандары ғана тексеріп шығуы керек.
- Зарядтағыш құрылғыны тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Зарядтағыш құрылғыны электр тоқ көзіне қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни

электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Көз келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.

- Зарядтағыш құрылғыны оның желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұста, тартып электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Зарядтағыш құрылғыны ток көзіне жалғастырып қосқан кезде немесе оны ток көзінен ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымының штепсельді айыртетігінен ұстаңыз.

## 14. ВЕЛОСИПЕДТІҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Велосипед жиынтығымен бірге құрастырылып жиналған — 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық — 1 дана.
3. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі — 1 дана.
4. Кепілдік талоны — 1 дана.
5. Зарядтау құрылғысы жалғастырығыш сымдарымен — 1 дана.

## 15. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Пайдалануға жарамсыз деп табылған көлік құралдары мен олардың құрамдас бөліктерін кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық 2.1.7.1322-03 ережелер мен нормаларына сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Электр-велосипедті кәдеге жарату кезінен кейін оның құрамдас бөліктері мен материалдары қайтадан пайдалануға жарамды болатындай деген есеппен арнайы жобаланып, ойландырылып жасалған. Бұйымның қаптама орамасындағы дөңгелегі бар қоқыс жәшігі сызылған кейіптегі белгісі бұл құрылғы Еуроодақ елдерінде қабылданған Еуропалық 2002/96/ЕС директивасы мен сәйкес ұлттық құқық ережелеріне сәйкес жасалған екендігін куәландырады. Велосипедтің пайдалану ресурсы таусылған кезде, яғни өз қорын таусқан велосипедті кәдеге жаратпас бұрын осы түрдегі қалдықтарды кәдеге жаратудың жергілікті ережелерін біліп алыңыз. Қалай болса да, көз келген жағдайда электр-велосипед тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жаратылады.

## 16. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Электрлі велосипед – күрделі тауар. Осы нұсқаулыққа аңулардың барлығын дерлік қарастыруға мүмкін емес, сол себепті төменде әдетте орын алатын жағдайлар сипатталған. Төменде келтірілген аңудың бірі орын алса, электрлі велосипедті мамандандырылған қызмет көрсету шеберханасына алып барыңыз.

|                                                                |                                                                  |                                                                                                                 |
|----------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Велосипедтің электрлі жүйесі басқару пульті арқылы қосылмайды. | Акумуляторлық батарея отырып қалды.                              | Батареяны зарядтаңыз.                                                                                           |
|                                                                | Кілт бұралмады( егер құрылымында қарастырылса).                  | Кілтті сағат тілімен бұраңыз.                                                                                   |
|                                                                | Электрлі сымдар жүйесінде үзік бар.                              | Велосипедті қызмет көрсету шеберханасына алып барыңыз.                                                          |
| Дөңгелек тысының ауасы шығып кетті.                            | Дөңгелек тесілді немесе қысымы төмен.                            | Дөңгелектің тысын ауамен толтырыңыз. Егер бәрібір де ауаның мөлшері төмен болса, велошеберханаға хабарласыңыз.. |
| Электрлі жүйе жұмыс жасағанымен, қозғалтқыш қосылмайды.        | Қозғалтқыш немесе басқышты айналдыру тетігі жұмыс жасамай қалды. | Велосипедті қызмет көрсету шеберханасына алып барыңыз.                                                          |

## 17. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Құралдың құрылымы «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» ТР ТС 020/2011, сондай-ақ «машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі ТУРАЛЫ» талаптарына сәйкес келеді, атап айтқанда:

Техникалық регламент талаптары стандарттарды еркін түрде қолдану нәтижесінде сақталады. Стандарттар келесідей: МС 31741-2012 «Велосипедтер. Жалпы техникалық жағдайлар»; МС

30805.14.1-2013 (CISPR 14-1:2005) «Техникалық құралдардың сәйкестілігі, электромагнитті. Тұрмыстық құралдар, электрлі құрылғылар және сәйкес құралдар. Индустриалдық радиокөдергі. Мөлшер мен өлшеу тәсілдері», 4 бөлім; МС 30805.14.2-2013 (CISPR 14-2:2001) «Техникалық құралдардың сәйкестілігі, электромагнитті. Тұрмыстық құралдар, электрлі құрылғылар және сәйкес құралдар. Электромагнитті көдергілерге тұрақтылық. Талаптар мен өлшеу тәсілдері» 4 және 5 бөлімдер, 7.2 бөлімше.

Тауарды МС 15150-69 сәйкес сақтау шарттары.

Сәйкестік туралы Декларацияның тіркелген нөмірі: ЕАЭС № RU-D-US.AБ37.B.20467  
Сәйкестік туралы Декларацияның тіркелген күні: 11.01.2018

Сәйкестік туралы Декларацияның қолданылу мерзімі: 11.01.2018 мерзімінен бастап 10.01.2019 соңғы күнін қоса алғанда, көрсетілген мерзіміне дейін жарамды.

Қызмет мерзімі: 5 жыл

Кепілдік мерзімі: 2 жыл

Велосипедтің өнділіп шығарылған күні мен жылы құрылғының техникалық төлқұжатында көрсетілген.

Өндіруші:

TEXTON CORPORATION LLC - "ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН" ЖШҚ  
160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

160 Гринтри Драйв, 101 бөлмежайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары

Зауытта:

GUANGZHOU VIVA BICYCLE CORP., LTD-ГУАНЧЖОУ ВИВА БАЙСИКЛ КОРП., ЛТД  
No.128, Nan Zhou Road, Guzngzhou, China  
No.128, Нань Чжоу Роуд, Гуанчжоу, Қытай

Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағында өкілетті өкілі «ДС-Сервис» ЖШҚ, 109518, Мәскеу қаласы, Волжский жележолы, 5-үй.  
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефон нөмірі: 8(800)700-11-78

## 18. КӨЛІК ҚҰРАЛДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

|                                                            |                                                                                                             |                                                 |                                        |
|------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------------------------|
| POLAR электр-велосипедтің моделі                           | PBK 1601/PBK 1611                                                                                           | PBK 2007S                                       | PBK 2001SL                             |
| Типі                                                       | Жол велосипеді                                                                                              | Әмбебап велосипеді                              | Жол велосипеді                         |
| Дөңгелектерінің өлшемі                                     | 16"                                                                                                         | 20"                                             | 20"                                    |
| Беріліс саны                                               | 1                                                                                                           | 7                                               | 1                                      |
| Рамаларының типі                                           | Жиналмалы, қатты дөңгелектер ілмесімен                                                                      | Жиналмалы, алдыңғы амортизаторымен              | Жиналмалы, қатты дөңгелектер ілмесімен |
| Батареяның сыйымдылығы, элементтердің типі                 | 10400 мАч, Samsung 2600 мАч                                                                                 | 10400 мАч, Samsung 2600 мАч                     | 10500 мАч, Samsung 3500 мАч            |
| Батареяны орналастырып салу                                | Алынбалы сыртқы контейнерге                                                                                 | Раманың ішкі жағындағы алынбалы контейнерге     | Раманың ішкі жағындағы бөлігіне        |
| Батареяның типі                                            | Литий-ионды                                                                                                 | Литий-ионды                                     | Литий-ионды                            |
| Батареяның номиналды кернеуі                               | 36 В                                                                                                        | 36 В                                            | 36 В                                   |
| Акумуляторларды іске қосу және акумуляторлардың типі       | 18650 (10S4P сұлба бойынша құрастыру)                                                                       | 18650 (10S4P сұлба бойынша құрастыру)           | 18650 (10S3P сұлба бойынша құрастыру)  |
| Қозғалтқыштың қуаты                                        | 250 Вт                                                                                                      | 250 Вт                                          | 250 Вт                                 |
| Максималды жылдамдық                                       | 25 км/сағ                                                                                                   | 25 км/сағ                                       | 25 км/сағ                              |
| Педальді айналдыруға арналған (PAS) қосалқы/көмекші режимі | Бар, 5 деңгейлік                                                                                            | Бар, 5 деңгейлік                                | Бар, 5 деңгейлік                       |
| Бір зарядта жүрілген жол                                   | PAS режимінде 30 км –ге дейін                                                                               | PAS режимінде 40 км –ге дейін                   | PAS режимінде 40 км –ге дейін          |
| Зарядтау құрылғысы (кернеуі, тоғы)                         | PAD 1601/PAD 1611                                                                                           | PAD 2007S                                       | PAD 2001SL                             |
|                                                            | Кіріс кернеуі: ~100-240 В; жиілігі: ~50-60; тоғы: 1,8 А; шығыс кернеуі: 42 В; максимал тоқ жүктемесі: 2,0 А |                                                 |                                        |
| Басқару пульті/дисплейі                                    | LED (жарықдиодты шамдар/сәуледиодтық дисплей)                                                               | LED (жарықдиодты шамдар/сәуледиодтық дисплей)   | LCD (сұйық кристалды)                  |
| Маршруттық компьютер                                       | Жоқ                                                                                                         | Жоқ                                             | Бар, басқару пультімен қосарланған     |
| Кілтің болуы                                               | Бар                                                                                                         | Бар                                             | Жоқ                                    |
| Бағыттық шамы                                              | Бар, LED (жарықдиодты)                                                                                      | Бар, LED (жарықдиодты)                          | Жоқ                                    |
| Тежеуіштер                                                 | типі V-шеңбер тәрізді                                                                                       | Тегерікті, механикалық жетегімен                | типі V-шеңбер тәрізді                  |
| Рулі                                                       | Жиналмалы, алюминийлі, 560 мм                                                                               | Жиналмалы, алюминийлі, 560 мм                   | Жиналмалы, алюминийлі, 540 мм          |
| Дөңгелектері                                               | 16", құйма, алюминийлі                                                                                      | 20", шабақтық, алюминийлі тоғыны                | 20", шабақтық, алюминийлі тоғыны       |
| Дөңгелекқаптары: өлшемі, типі                              | 16"x2,125", жолдық                                                                                          | 20"x2,125", әмбебап                             | 20"x1,25", жолдық                      |
| Қанаттары: типі, материалдары                              | Толық өлшемдік, пластик                                                                                     | Кір жұқтырмайтын қорғаныш қалқаншалары, пластик | Жоқ                                    |
| Жүксалғышы                                                 | Рамаға біріктірілген, жүк көтергіштігі 40 кг                                                                | Жоқ                                             | Жоқ                                    |
| Салмағы батареямен бірге                                   | 21 кг                                                                                                       | 21,3 кг                                         | 16,5 кг                                |
| Велосипедтің жүккөтергіштігі                               | 140 кг                                                                                                      | 120 кг                                          | 100 кг                                 |

## 19. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 24 ай бойына әрекетте болады, кепілдік бойынша велосипед үшін берілген кепілдік мерзімі оны сатып алған күннен бастап санағанда 24 ай құрайды, оның аккумуляторлық батареясы үшін берілген кепілдік мерзімі сатып алған күннен бастап санағанда 6 ай құрайды, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты.

Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).

2. Велосипед тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Велосипед пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.

3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған велосипедтерге таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.

4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сондай-ақ бұйымның сыртқы түрінің өзгеруіне, яғни құрылғының бетінде сыртқы өзгерістер болған жағдайда таралмайды, егер де:

- Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, велосипедтің ішіне және оның жүйелеріне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекеті, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақауы үшін таралмайды;

- Еңсерілмейтін жағдай әсері (су апаты, дауыл, өрт пен жер сілкінісі);

- Велосипедті тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;

- Велосипедті қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, велосипедтің функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: көлек құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, дөңгелектер тозған жағдайда, сондай-ақ мойынтірек, дөңгелекқап, пневматикалық камералары, топсалар, рульдің тұтқалары, педальдары, тайғанау төлкелер, жұлдыздары, тізбектері, аунақшалары және басқа да бұйымдары, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;

- Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;

5. Бұл кепілдік келесі ақауларға таралмайды:

- Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған аккумуляторды зарядтау ережелерін бұзу салдарынан бүлінген аккумуляторлық батареяларға;

- Пайдаланушының құрылғыны ұқыпсыз әрі дұрыс қолданбау салдарынан қатты бүлінген дөңгелектер мен рамаларына таралмайды;

Пайдаланушының кесірі салдарынан велосипедтің дөңгелегі, велосипедтің рамасы, аккумуляторлық батареясы зақымдалса, іске жарамай қалған, яғни бүлінген бөлшектің жөндеуі пайдаланушының есебінен жүргізіледі. Сатушы бұл жөндеу жұмысының лездігіне жауапты емес, сондай-ақ жөндеу жұмысын жүргізуден бас тартуға құқылы.

6. Велосипедке келесідей жағдайларда кепілдікті қызмет көрсетілмейді, егер:

- Велосипедтің рамасы, қоректендіру блогы бүлінсе, яғни велосипедтің рамасында және оның қоректендіру блогында механикалық әсерлерден болатын зақымдар анықталған жағдайда;

- Велосипедті тексеріп қарағанда, велосипедте бөгде бұзу іздері анықталған жағдайда, яғни ол ашылып, бөлшектеніп, қайтадан құрастырылып жиналған болса, сондай-ақ оның қоректендіру блогына су тамып тиген жағдайда, сонымен қатар велосипедті өкілетті емес қызмет көрсету орталығында жөндеу жұмыстары жүргізілген болса немесе пайдаланушы жөндеу жұмыстарын өзінің жүргізуге тырысқан жағдайда;



- Егер велосипедтің құрылымына рұқсат етілмеген өзгерістер енгізілсе;
- Егер велосипед оны дұрыс пайдаланбау және зарядтау құралын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан зақымдалып және істен шыққан болса;

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Көлік құралдың ақаулы екендігі анықталған жағдайда, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.